

Қазақстан Республикасының Үкіметі
(Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі)Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2014 жылғы 4
ақпандағы № 50 қаулысы. Күші
жойылды - Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2015
жылғы 21 тамыздағы № 657
қаулысыменПравительство Республики Казахстан
(Премьер-Министр РК)

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.08.2015 № 657 қаулысымен
(алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).*

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі
Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Ұңғымалар объектісін сынау, кен орнын сынамалық пайдалану,
технологиялық жабдықты іске қосу-ретке келтіру, пайдалану, оған техникалық
қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз
жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар
беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) «Теңіз құрылыстарын салуға немесе орналастыруға рұқсаттар
беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) «Теңізде іздестіру, барлау, пайдалану ұңғымасын немесе өзге де
ұңғыманы бұрғылауға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандарты;

4) «Қойнау-қатішілік қысымды ұстап тұру үшін ілеспе және табиғи
газды бастырмалатуға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандарты;



5) «Теңізде мұнай-газ құбырларын салу, монтаждау немесе төсеу жөніндегі жұмыстарға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

6) «Тау-кен, мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға (технологиялық) лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

7) «Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

8) «Көмірсутегі шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

9) «Көмірсутегі шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдалануға келісімшарттарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 4 ақпандағы
№ 50 қаулысымен
бекітілген

«Ұңғымалар объектісін сынау, кен орнын сынамалық пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-ретке келтіру, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Ұңғымалар объектісін сынау, кен орнын сынамалық пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-ретке келтіру, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде www.e.gov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ портал арқылы жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетуге рұқсат берілетін ең ұзақ уақыт – 20 (жиырма) минут.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ұңғымалар объектісін сынау, кен орнын сынамалық пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-ретке келтіру, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаты.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет кезек тәртібінде алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз көрсетіледі;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе сенімхаты бойынша оның өкілі) жүтінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) ұңғыма объектілеріне сынақтар жүргізу кезінде:

көрсетілетін қызметті алушы қол қойған және ұйымның мөрімен расталған осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

көрсетілетін қызметті алушы жасаған және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органдарымен келісілген ұңғыманың жекелеген объектілерін сынау жоспарлары;

2) кен орнын сынамалық пайдалану кезінде:

көрсетілетін қызметті алушы қол қойған және ұйымның мөрімен расталған осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген мәліметтер нысаны;

3) газды технологиялық еріксіз жағу кезінде (технологиялық жабдықты іске қосу-ретке келтіру, технологиялық жабдықты пайдалану, технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде):

көрсетілетін қызметті алушы қол қойған және ұйымның мөрімен расталған осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшада көрсетілген мәліметтер нысаны;

порталға:

1) ұңғыма объектілеріне сынақтар жүргізу кезінде:

көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

көрсетілетін қызметті алушы жасаған және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органдарымен келісілген ұңғыманың жекелеген объектілерін сынау жоспарларының электронды көшірмелері – сұрау салуға қоса тіркелген;

2) кен орнын сынамалық пайдалану кезінде: толтырылған мәліметтер нысанымен көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

3) газды технологиялық еріксіз жағу кезінде (технологиялық жабдықты іске қосу-ретке келтіру, технологиялық жабдықты пайдалану, технологиялық

жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде):
толтырылған мәліметтер нысанымен көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен
куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау көрсетілетін қызметті
алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Құжаттар көрсетілетін
қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық көшірмелер түрінде
ұсынылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті
алушының жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта
тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші портал
арқылы мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен
куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық
жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған
кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – қағаз жеткізгіштегі өтініштің
қабылдануын растау оның көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған
уақыты мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде
тіркелуі туралы белгі болып табылады;

портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет
нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету
үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетілетін қызметті
алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

3. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің
және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету
мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігі) шағымдану:
шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында
көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына

немесе Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ғимараты, А блогы, телефон: 8 (7172) 97-68-51, 97-68-01 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы немесе электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылдағанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі және орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның тіркелуі болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін жіберіледі.

Министрліктің немесе көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде, көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жанартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары www.mgm.gov.kz интернет-ресурсының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік қызметті электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинет», сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.mgm.gov.kz интернет-ресурсының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы 1414.

КҮШІ ЖЕТКІЗУ

«Ұңғымалар объектісін сынау, кен орнын сынамалық пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-ретке келтіру, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

Ұңғымалар объектісін сынау, кен орнын сынамалық пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-ретке келтіру, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат алуға

ӨТІНІШ

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ЖСН, заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жерінің мекенжайы, БСН, байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта)

(кен орны, ұңғыма нөмірі*, қандай сатыда)

(газ жағу қажеттілігінің себебі және негіздемесі; жылына жағылатын газдың болжамды көлемі (млн. м³)

(жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың күні, нөмірі және қолдану мерзімі)

Ұңғыма туралы деректер:*

№	Көлемі, млн. м ³	Объектінің реттік нөмірі	Горизонты	Аралығы	Объектілер бойынша сынау күндерінің саны
1	2	3	4	5	6

*Ұңғымалар объектілеріне сынақтар жүргізу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат алу үшін

Қоса беріліп отырған құжаттардың тізбесі:

1. _____

2. _____

...

Ұйымның басшысы (лауазымы) _____

(қолы) (Т.А.Ә.)

М.О. 20__ ж. «__» _____

КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН

«Ұңғымалар объектісін сынау, кен орнын сынамалық пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосуретке келтіру, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Нысан

Кен орнын сынамалық пайдалану кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат үшін

МӘЛІМЕТТЕР НЫСАНЫ

1. Мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жарату немесе қайта өңдеуді дамыту бағдарламасын бекіту туралы ақпарат:

1) құжат (хаттама, хат немесе өзге де растайтын құжат) нөмірі

_____;

2) құжат (хаттама, хат немесе өзге де растайтын құжат) күні

_____;

3) өтінім берілген жылға жағылатын газдың рұқсат етілген мөлшері, млн. м³ _____;

4) өтінім берілген жылға газды өндіру мөлшері, млн. м³

_____.

2. Кен орнын сынамалық пайдалану жобасын бекіту туралы ақпарат:

1) құжат (хаттама, хат немесе өзге де растайтын құжат) нөмірі

_____;

2) құжат (хаттама, хат немесе өзге де растайтын құжат) күні

_____;

3) жобалау құжатының қолданылу мерзімі _____.

3. Бекітілген кен орнын сынамалық пайдалану жобасына сәйкес өтінім берілген жылы газды жоспарлы өндіру, млн. м³ _____.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Мұнай операцияларын жүргізген кезде ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудың нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесіне сәйкес кен орнын сынамалық пайдалану кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды жағу нормативтері мен көлемдерінің есебі

_____.

«Ұңғымалар объектісін сынау, кен орнын сынамалық пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-ретке келтіру, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

Нысан

Технологиялық жабдықты іске қосу-ретке келтіру, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат үшін

МӘЛІМЕТТЕР НЫСАНЫ

1. Өткен жылғы өндірілген газ, млн. м³ _____.
2. Өткен жылғы жағылған газдың жалпы мөлшері, млн. м³ (оның ішінде технологиялық еріксіз жағу және барлау ұңғымаларын сынау кезінде) _____.
3. Мұнай өндірудің жоспарланатын мөлшері, мың тонна _____.
4. Газ өндірудің жоспарланатын мөлшері, млн. м³ _____.
5. Өтінім берілген жылға газ жағу, млн. м³ _____.
6. Мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жарату немесе қайта өңдеуді дамыту бағдарламасын бекіту туралы ақпарат:
 - 1) құжат (хаттама, хат немесе өзге де растайтын құжат) нөмірі _____;
 - 2) құжат (хаттама, хат немесе өзге де растайтын құжат) күні _____;
 - 3) өтінім берілген жылға жағылатын газдың рұқсат етілген мөлшері, млн. м³ _____;
 - 4) өтінім берілген жылға газ өндіру мөлшері, млн. м³ _____.
7. Газ өндіруді және жағуды есептеу аспаптарының саны мен олардың орналасқан жері _____.
8. Газ өңдеудің және кәдеге жаратудың нақты мөлшері туралы ақпарат:
 - 1) өткен жылғы газды қайта өңдеу мөлшері, млн. м³ _____;
 - 2) өткен жылғы газды қайта өңдеу тәсілі _____.

_____ ;
3) өткен жылғы кәдеге жаратылған газ мөлшері, млн. м³ (көзі бойынша) _____ ;

4) өткен жылғы газды кәдеге жарату тәсілі (көзі бойынша) _____ .

9. Газды өндірістік үздіксіз жағу көздері (алаулары) туралы ақпарат:

1) орналасқан жері _____ ;

2) биіктігі, метр _____ ;

3) өнімділігі, Нм³ мың/тәулік _____ .

10. Кен орнын игеру жобасын бекіту туралы ақпарат:

1) құжат (хаттама, хат немесе өзге де растайтын құжат) нөмірі _____ ;

2) құжат (хаттама, хат немесе өзге де растайтын құжат) күні _____ ;

3) жобалау құжатының қолданылу мерзімі _____ .

11. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Мұнай операцияларын жүргізген кезде ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудың нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесіне сәйкес технологиялық жабдықты іске қосу-ретке келтіру, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағу нормативтері мен көлемдерінің есебі _____ .

КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 4 ақпандағы
№ 50 қаулысымен
бекітілген

**«Теңіз құрылыстарын салуға немесе орналастыруға рұқсаттар беру»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

1. Жалпы ережелер

1. «Теңіз құрылыстарын салуға немесе орналастыруға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.
3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде www.e.gov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:
 - 1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ портал арқылы жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні;
 - 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;
 - 3) қызмет көрсетуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт – 20 (жиырма) минут.
5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – теңіз құрылыстарын салуға немесе орналастыруға рұқсаты.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет кезек тәртібінде алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз көрсетіледі;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе сенімхаты бойынша оның өкілі) жүтінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

көрсетілетін қызметті алушы қол қойған және ұйымның мөрімен расталған осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген мәліметтер нысаны;

2) порталда: толтырылған мәліметтер нысанымен көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші портал

арқылы мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылдануын растау оның көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған уақыты мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі туралы белгі болып табылады;

портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

3. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне әрекеттеріне (әрекетсіздігі) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ғимараты, А блогы, А 0305 кабинеті, телефон: 8 (7172) 97-68-51, 97-68-01 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы немесе электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылдағанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі және орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның тіркелуі болып табылады. Тіркелгеннен

кейін шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін жіберіледі.

Министрліктің немесе көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде, көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары www.mgm.gov.kz интернет-ресурсының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік қызметті электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинет», сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай

байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.mgm.gov.kz интернет-ресурсының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы 1414.

КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН

«Теңіз құрылыстарын салуға немесе
орналастыруға рұқсаттар беру»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

Теңіз құрылыстарын салуға немесе орналастыруға рұқсат алуға

ӨТІНІШ

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ЖСН, заңды
тұлғаның толық атауы, орналасқан жерінің мекенжайы, БСН, байланыс
деректері (телефон, факс, электрондық пошта)

(теңіз құрылысын салу немесе орналастыру бойынша теңізде мұнай
операцияларын жүзеге асыру қажеттілігінің себебі мен негіздемесі)

(жоспарланған теңіз құрылысының не осындай теңіз құрылысын салу
немесе орналастыру бойынша жүргізілетін жұмыстардың
мерзімі мен орналасатын жері)

(қоса беріліп отырған құжаттар тізбесі)

Ұйымның басшысы (лауазымы) _____

(қолы) (Т.А.Ә.)

М.О. 20__ ж. «__» _____

«Теңіз құрылыстарын салуға немесе
орналастыруға рұқсаттар беру»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша

Нысан

Теңіз құрылыстарын салуға немесе орналастыруға рұқсат алу үшін

МӘЛІМЕТТЕР НЫСАНЫ

1. Теңіз құрылысын салу мақсаты, мәні мен негіздері _____.
2. Келісімшарттық аумақ шегінде құрылатын теңіз құрылысының географиялық координаталарының негіздемесі:
 - 1) ендігі _____;
 - 2) бойлығы _____.
3. Теңіз құрылысын құру жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылуы болжанатын кеме және өзге де жүзу құралдары туралы ақпарат:
 - 1) кеме және жүзу құралдарының саны _____;
 - 2) кеме және жүзу құралдарының атауы _____.
4. Теңіз құрылысын құруды бастау және аяқтау күні _____.
5. Теңіз құрылысын пайдалану кезінде қолданылатын байланыс құралдары (радиотаратқыштың қуаты, жиіліктер, өзге де мәліметтер) туралы ақпарат _____.
6. Теңіз құрылысын салу немесе орналастыру кезіндегі жоспарланған іс-шаралар:
 - 1) техникалық сумен жабдықтаудың тұйық жүйелерін, жүзу немесе тұрақты тазарту құрылыстары мен құрамында мұнай бар суды және басқа да зиянды заттарды қабылдауға арналған құралдар жасауды қоса алғанда, қоршаған ортаға ықтимал залалдың алдын алу немесе азайту бойынша _____;
 - 2) теңіз құрылысында авариялық жағдайларды болдырмау және жою бойынша _____;
 - 3) теңізде жүзудің және ұшақ аппараттары ұшуының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, сондай-ақ балықтар мен басқа да су жануарлары мекендейтін ортаны, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдарын және шоғырланған жерлерін сақтау бойынша _____.
7. Теңіз құрылысын болжамды орналастыру орнының негізгі гидрологиялық және гидрогеологиялық сипаттамалары, көтерілген су, жіберілетін сарқынды суларды, алынатын жерасты суларын алудың және (немесе) пайдаланудың болжанатын көлемі _____.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 4 ақпандағы
№ 50 қаулысымен
бекітілген

«Теңізде іздестіру, барлау, пайдалану ұңғымасын немесе өзге де ұңғыманы бұрғылауға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Теңізде іздестіру, барлау, пайдалану ұңғымасын немесе өзге де ұңғыманы бұрғылауға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде www.e.gov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ портал арқылы жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетуге рұқсат берілетін ең ұзақ уақыт – 20 (жиырма) минут.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – теңізде іздестіру, барлау, пайдалану ұңғымасын немесе өзге де ұңғыманы бұрғылауға рұқсаты.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет кезек тәртібінде алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз көрсетіледі;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе сенімхаты бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

көрсетілетін қызметті алушы қол қойған және ұйымның мөрімен расталған осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген мәліметтер нысаны;

көрсетілетін қызметті алушының осы ұңғыманы бұрғылау кезінде пайда болатын тәуекелдерді міндетті сақтандыру жөніндегі міндеттемелерін сақтау фактісін куәландыратын құжат көшірмесі;

2) порталда:

толтырылған мәліметтер нысанымен көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

көрсетілетін қызметті алушының осы ұңғыманы бұрғылау кезінде пайда болатын тәуекелдерді міндетті сақтандыру жөніндегі міндеттемелерін сақтау фактісін куәландыратын құжатының электрондық көшірмесі – сұрау салуға қоса тіркеледі.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылдануын растау оның көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған уақыты мен күнің көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі туралы белгі болып табылады;

портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

3. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне әрекеттеріне (әрекетсіздігі) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген

мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе
Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр
даңғылы 19, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ғимараты, А блогы, телефон: 8 (7172) 97-68-
51, 97-68-01 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы немесе электрондық түрде не
көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол
қабылданады.

Шағымның қабылдағанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі
мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі және орны көрсетіле
отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде
(мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның тіркелуі болып табылады. Тіркелгеннен
кейін шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына
жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін жіберіледі.

Министрліктің немесе көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына
келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап
бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығының
1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде, көрсетілетін қызметті
алушының «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу
барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер,
шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) өтініш туралы ақпарат
қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда,
көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау
және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау
жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті
алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде
қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары www.mgm.gov.kz интернет-ресурсының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік қызметті электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинет», сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.mgm.gov.kz интернет-ресурсының «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет» бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы 1414.

«Теңізде іздестіру, барлау, пайдалану
ұңғымасын немесе өзге де ұңғыманы
бұрғылауға рұқсаттар беру»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

**Теңізде іздестіру, барлау, пайдалану ұңғымасын немесе өзге де ұңғыманы
бұрғылауға рұқсат алуға**

ӨТІНІШ

_____ (көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ЖСН, заңды
тұлғаның толық атауы, орналасқан жерінің мекенжайы, БСН, байланыс
деректері (телефон, факс, электрондық пошта)

_____ (қоса беріліп отырған құжаттар тізбесі)
Ұйымның басшысы (лауазымы) _____

(қолы) _____ (Т.А.Ө.) _____
М.О. 20__ ж. «__» _____

КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН

**«Теңізде іздестіру, барлау, пайдалану
ұңғымасын немесе өзге де ұңғыманы
бұрғылауға рұқсаттар беру»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша**

Нысан

**Теңізде іздестіру, барлау, пайдалану ұңғымасын немесе өзге де ұңғыманы
бұрғылауға рұқсат беру үшін**

МӘЛІМЕТТЕР НЫСАНЫ

1. Бұрғылау жұмыстарын жүргізуге арналған лицензия туралы
мәліметтер:

- 1) лицензия нөмірі _____;
- 2) лицензия күні _____.

2. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы туралы
мәліметтер:

- 1) қорытынды нөмірі _____;
- 2) қорытынды күні _____.

3. Теңіз құрылысын құруға не орналастыруға рұқсат туралы
мәліметтер:

- 1) рұқсат нөмірі _____;
- 2) рұқсат күні _____.

ҚҮШІ ЖОЙЫЛҒАН

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 4 ақпандағы
№ 50 қаулысымен
бекітілген

«Қойнау-қатішілік қысымды ұстап тұру үшін ілеспе және табиғи газды бастырмалатуға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Қойнау-қатішілік қысымды ұстап тұру үшін ілеспе және табиғи газды бастырмалатуға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде www.e.gov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ портал арқылы жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетуге рұқсат берілетін ең ұзақ уақыт – 20 (жиырма) минут.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – қойнау-қатішілік қысымды ұстап тұру үшін ілеспе және табиғи газды бастырмалатуға рұқсаты.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет кезек тәртібінде алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз көрсетіледі;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе сенімхаты бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

көрсетілетін қызметті алушы қол қойған және ұйымның мөрімен расталған осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген мәліметтер нысаны;

2) порталда: толтырылған мәліметтер нысанымен көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші портал

арқылы мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылдануын растау оның көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған уақыты мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі туралы белгі болып табылады;

портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

3. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігі) шағымдану: шағым осы мемлекеттік қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ғимараты, А блогы, телефон: 8 (7172) 97-68-51, 97-68-01 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы немесе электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылдағанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі және орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның тіркелуі болып табылады. Тіркелгеннен

кейін шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін жіберіледі.

Министрліктің немесе көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде, көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары www.mgm.gov.kz интернет-ресурсының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік қызметті электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинет», сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай

байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.mgm.gov.kz интернет-ресурсының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы 1414.

КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН

«Қойнау-қатішілік қысымды ұстап тұру
үшін ілеспе және табиғи газды
бастырмалатуға рұқсаттар беру»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

**Қойнау-қатішілік қысымды ұстап тұру үшін ілеспе және табиғи газды
бастырмалатуға рұқсат алуға**

ӨТІНІШ

_____ (көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ЖСН, заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жерінің мекенжайы, БСН, байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта))

_____ (қойнау-қатішілік қысымды ұстап тұрудың өзге де әдістерінің орынсыз болатындығының және осы бастырмалатудың қоршаған орта мен адам өмірі үшін қауіпсіздіктің жеткілікті деңгейінің болу шарттарының негіздемесі)

_____ (қоса беріліп отырған құжаттар тізбесі)

Ұйымның басшысы (лауазымы) _____

(қолы) _____ (Т.А.Ә.)

М.О. 20__ ж. «__» _____

**«Қойнау-қатішілік қысымды ұстап тұру
үшін ілеспе және табиғи газды
бастырмалатуға рұқсаттар беру»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша**

Нысан

**Қойнау-қатішілік қысымды ұстап тұру үшін ілеспе және табиғи газды
бастырмалатуға рұқсаттар үшін**

МӘЛІМЕТТЕР НЫСАНЫ

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мұндай бастырмалатуды сипаттайтын жоба бойынша берген мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындысы туралы мәліметтер:

- 1) қорытынды нөмірі _____.
- 2) қорытынды күні _____.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 4 ақпандағы
№ 50 қаулысымен
бекітілген

«Теңізде мұнай-газ құбырларын салу, монтаждау немесе төсеу жөніндегі жұмыстарға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Теңізде мұнай-газ құбырларын салу, монтаждау немесе төсеу жөніндегі жұмыстарға рұқсаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде www.e.gov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ портал арқылы жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетуге рұқсат берілетін ең ұзақ уақыт – 20 (жиырма) минут.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – теңізде мұнай-газ құбырларын салу, монтаждау немесе төсеу жөніндегі жұмыстарға рұқсаты.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет кезек тәртібінде алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз көрсетіледі;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе сенімхаты бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

көрсетілетін қызметті алушы қол қойған және ұйымның мөрімен расталған осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген мәліметтер нысаны;

2) порталда: толтырылған мәліметтер нысанымен көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші портал

арқылы мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылдануын растау оның көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған уақыты мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі туралы белгі болып табылады;

портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

3. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігі) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ғимараты, А блогы, телефон: 8 (7172) 97-68-51, 97-68-01 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы немесе электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылдағанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі және орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның тіркелуі болып табылады. Тіркелгеннен

кейін шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін жіберіледі.

Министрліктің немесе көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде, көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары www.mgm.gov.kz интернет-ресурсының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік қызметті электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинет», сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай

байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметінің байланыс телефондары www.mgm.gov.kz интернет-ресурсының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы 1414.

КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН

«Теңізде мұнай-газ құбырларын салу,
монтаждау немесе төсеу
жөніндегі жұмыстарға рұқсаттар беру»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

**Теңізде мұнай-газ құбырларын салу, монтаждау немесе төсеу жөніндегі
жұмыстарға рұқсат алуға**

ӨТІНІШ

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ЖСН, заңды
тұлғаның толық атауы, орналасқан жерінің мекенжайы, БСН, байланыс
деректері (телефон, факс, электрондық пошта)

(теңізде мұнай-газ құбырларын салу, монтаждау немесе төсеу жөніндегі
жұмыстар қажеттілігінің себебі мен негіздемесі)

(жоспарланған теңіз құрылысының не мұнай-газ құбырларын салу,
монтаждау немесе төсеу жөніндегі жүргізілетін жұмыстардың
мерзімі мен орналасатын жері)

(қоса беріліп отырған құжаттар тізбесі)

Ұйымның басшысы (лауазымы) _____

(қолы) (Т.А.Ә.)

М.О. 20__ ж. «__» _____

«Теңізде мұнай-газ құбырларын салу,
монтаждау немесе төсеу
жөніндегі жұмыстарға рұқсаттар беру»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша

Нысан

**Теңізде мұнай-газ құбырларын салу, монтаждау немесе төсеу жөніндегі
жұмыстарға рұқсат үшін**

МӘЛІМЕТТЕР НЫСАНЫ

1. Теңіз құрылысын салу мақсаты, мәні мен негіздері _____.
2. Келісімшарттық аумақ шегінде құрылатын теңіз құрылысының географиялық координаталарының негіздемесі:
 - 1) ендігі _____;
 - 2) бойлығы _____.
3. Теңіз құрылысын құру жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылуы болжанатын кеме және өзге де жүзу құралдары туралы ақпарат:
 - 1) кеме және жүзу құралдарының саны _____;
 - 2) кеме және жүзу құралдарының атауы _____.
4. Теңіз құрылысын құруды бастау және аяқтау күні _____.
5. Теңіз құрылысын пайдалану кезінде қолданылатын байланыс құралдары (радиотаратқыштың қуаты, жиіліктер, өзге де мәліметтер) туралы ақпарат _____.
6. Теңіз құрылысын салу немесе орналастыру кезіндегі жоспарланған іс-шаралар:
 - 1) техникалық сумен жабдықтаудың тұйық жүйелерін, жүзу немесе тұрақты тазарту құрылыстары мен құрамында мұнай бар суды және басқа да зиянды заттарды қабылдауға арналған құралдар жасауды қоса алғанда, қоршаған ортаға ықтимал залалдың алдын алу немесе азайту бойынша _____;
 - 2) теңіз құрылысында авариялық жағдайларды болдырмау және жою бойынша _____;
 - 3) теңізде жүзудің және ұшақ аппараттары ұшуының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, сондай-ақ балықтар мен басқа да су жануарлары мекендейтін ортаны, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдарын және шоғырланған жерлерін сақтау бойынша _____.
7. Теңіз құрылысын болжамды орналастыру орнының негізгі гидрологиялық және гидрогеологиялық сипаттамалары, көтерілген су, жіберілетін сарқынды суларды, алынатын жерасты суларын алудың және (немесе) пайдаланудың болжанатын көлемі _____.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 4 ақпандағы
№ 50 қаулысымен
бекітілген

**«Тау-кен, мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және
(немесе) пайдалануға, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға
(технологиялық) лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның
телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

1. Жалпы ережелер

1. «Тау-кен, мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға (технологиялық) лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде www.e.gov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ портал арқылы жүгінген кезде:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетуге рұқсат берілетін ең ұзақ уақыт – 20 (жиырма) минут.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – тау-кен, мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға (технологиялық) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімдеу, лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқалары не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауабы болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша қызмет түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығы үшін лицензияны беру кезінде лицензиялық алым 10 айлық есепті көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 %-ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін электрондық сұрау салу портал арқылы берілген жағдайда, төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзы

(бұдан әрі – ЭҮТШ) немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырыла алады.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдау демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет кезек тәртібінде алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз көрсетіледі;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе сенімхаты бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін жүгінген кезде:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген заңды немесе жеке тұлға үшін белгіленген нысандардағы өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат – жеке тұлға үшін (сәйкестендіру үшін);

көлемі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшада көрсетілген жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған);

өндірістік базаға меншік құқығын немесе өзге де заңды негіздерді растайтын құжаттардың көшірмелері;

заңды тұлғалар үшін мөрмен және көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен, жеке тұлғалар үшін көрсетілетін қызметті алушының қолымен куәландырылған қызметтің (жұмыстардың) лицензияланатын түрі мен кіші түрлерін орындаудың технологиясын сипаттайтын технологиялық регламент. Бұл ретте, тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия өндірістерін, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық) жөніндегі қызмет үшін технологиялық регламент талап етілмейді;

мыналарды:

машиналарды, механизмдерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

еңбек қауіпсіздігін бақылауды;

метрологиялық бақылауды;

маркшейдерлік жұмыстарды («мұнай-химия өндірістерін пайдалану» қызметінің кіші түріне қолданылмайды);

технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын (тау-кен өндірісі қызметінің кіші түрлеріне қолданылмайды);

қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жауапты адамдарды тағайындау және (немесе) қызметтерді құру туралы бұйрықтардың көшірмелері.

Бұл ретте, тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия өндірістерін, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық) жөніндегі қызмет үшін бұйрықтардың көшірмелері талап етілмейді;

заңды тұлға көрсетілетін қызметті алушының мөрімен және бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен, жеке тұлға көрсетілетін қызметті алушының қолымен расталған штат кестесі және жиынтық кестесі. Бұл ретте, жиынтық кестеде мынадай ақпарат көрсетіледі: тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша мамандығы, лауазымы, тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы бойынша тиісті саладағы жұмыс өтілі (техникалық басшылар үшін – жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және техникалық басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық жұмыс тәжірибесінің болуы;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша мәліметтер.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын жеке басын куәландыратын (жеке тұлғалар үшін), дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші түпнұсқаларды құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен ұсынылған мәліметтермен салыстырып тексереді, одан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады;

2) лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген заңды немесе жеке тұлға үшін белгіленген нысандардағы өтініш;

лицензия туралы мәліметтер (www.elicense.kz порталында бар болған жағдайда) не лицензияның көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған);

өндірістік базаға меншік құқығын немесе өзге де заңды негіздерді растайтын құжаттардың көшірмелері;

заңды тұлғалар үшін мөрмен және көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен, жеке тұлғалар үшін көрсетілетін қызметті алушының қолымен куәландырылған қызметтің (жұмыстардың) лицензияланатын түрі мен кіші түрлерін орындаудың технологиясын сипаттайтын технологиялық регламент. Бұл ретте, тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия өндірістерін, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық) жөніндегі қызмет үшін технологиялық регламент талап етілмейді;

мыналарды:

машиналарды, механизмдерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

еңбек қауіпсіздігін бақылауды;

метрологиялық бақылауды;

маркшейдерлік жұмыстарды («мұнай-химия өндірістерін пайдалану» қызметінің кіші түріне қолданылмайды);

технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын (тау-кен өндірісі қызметінің кіші түрлеріне қолданылмайды);

қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жауапты адамдарды тағайындау және (немесе) қызметтерді құру туралы бұйрықтардың көшірмелері.

Бұл ретте, тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия өндірістерін, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық) жөніндегі қызмет үшін бұйрықтардың көшірмелері талап етілмейді;

заңды тұлға көрсетілетін қызметті алушының мөрімен және бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен, жеке тұлға көрсетілетін қызметті алушының қолымен расталған штат кестесі және жиынтық кестесі. Бұл ретте, жиынтық кестеде мынадай ақпарат көрсетіледі: тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша мамандығы, лауазымы, тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы бойынша тиісті саладағы жұмыс өтілі (техникалық басшылар үшін – жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және техникалық басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық жұмыс тәжірибесінің болуы;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша мәліметтер.

Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші түпнұсқаларды құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен ұсынылған мәліметтермен салыстырып тексереді, одан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады;

3) лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:
қайта ресімдеу туралы өтініш;

лицензияларды қайта ресімдеген кезде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі (лицензиялық алымның көлемі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшада көрсетілген);

лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаның көшірмесі (бар болған жағдайда).

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай жағдайларда қайта ресімдеуге жатады:

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) өзгергенде;
дара кәсіпкерді қайта тіркеген, оның атауы мен мекенжайы өзгерген кезде;

заңды тұлғаны бірігу, қосылу, бөлініп шығу немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастырған кезде;

заңды тұлғаның атауы және (немесе) заңды мекенжайы өзгерген кезде.

Қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы осы тармақшада белгіленген тәртіппен лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

Көрсетілетін қызметті алушы қайта ресімдеу туралы өтінішті күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

Көрсетілетін қызметті алушы қайта ресімделген лицензияны алған кезде бұрын берілген лицензия мен лицензияға қосымшаны (бар болған жағдайда) көрсетілетін қызметті берушіге қайтарады;

4) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген заңды немесе жеке тұлға үшін белгіленген нысандардағы өтініш;

көлемі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшада көрсетілген телнұсқаны беру үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған).

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін жоғарыда аталған құжаттарды ұсына отырып, порталдағы тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия және (немесе) лицензияға қосымша туралы мәліметтерді алу мүмкіндігі болмаған кезде ғана жүгінеді.

Порталда:

1) көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін жүгінген кезде:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

бюджетке лицензиялық алымның төленгені туралы (ЭҮТШ арқылы төлемді қоспағанда) құжаттың электрондық көшірмесі;

сұрау салуға қоса тіркелген мынадай құжаттардың электрондық көшірмелері:

өндірістік базаға меншік құқығын немесе өзге де заңды негіздерді растайтын;

қызметтің (жұмыстардың) лицензияланатын түрі мен кіші түрлерін орындаудың технологиясын сипаттайтын технологиялық регламент. Бұл ретте, тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия өндірістерін, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық) жөніндегі қызмет үшін технологиялық регламент талап етілмейді;

мыналарды:

машиналарды, механизмдерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

еңбек қауіпсіздігін бақылауды;

метрологиялық бақылауды;

маркшейдерлік жұмыстарды («мұнай-химия өндірістерін пайдалану») қызметінің кіші түріне қолданылмайды);

технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын (тау-кен өндірісі қызметінің кіші түрлеріне қолданылмайды);

қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жауапты адамдарды тағайындау және (немесе) қызметтерді құру туралы бұйрықтардың көшірмелері.

Бұл ретте, тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия өндірістерін, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық) жөніндегі қызмет үшін бұйрықтардың көшірмелері талап етілмейді;

штат кестесі және жиынтық кесте. Бұл ретте, жиынтық кестеде мынадай ақпарат көрсетіледі: тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша мамандығы, лауазымы, тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы бойынша тиісті саладағы жұмыс өтілі (техникалық басшылар үшін – жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және техникалық басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық жұмыс тәжірибесінің болуы;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша электрондық мәліметтер;

2) лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

сұрау салуға қоса тіркелген мынадай құжаттардың электрондық көшірмелері:

сұрау салуға қоса тіркелген өндірістік базаға меншік құқығын немесе өзге де заңды негіздерді растайтын;

қызметтің (жұмыстардың) лицензияланатын түрі мен кіші түрлерін орындаудың технологиясын сипаттайтын технологиялық регламент. Бұл ретте, тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия өндірістерін, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық) жөніндегі қызмет үшін технологиялық регламент талап етілмейді;

мыналарды:

машиналарды, механизмдерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

еңбек қауіпсіздігін бақылауды;

метрологиялық бақылауды;

маркшейдерлік жұмыстарды («мұнай-химия өндірістерін пайдалану») қызметінің кіші түріне қолданылмайды);

технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын (тау-кен өндірісі қызметінің кіші түрлеріне қолданылмайды);

қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жауапты адамдарды тағайындау және (немесе) қызметтерді құру туралы бұйрықтардың көшірмелері.

Бұл ретте, тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия өндірістерін, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық) жөніндегі қызмет үшін бұйрықтардың көшірмелері талап етілмейді;

штат кестесі және жиынтық кесте. Бұл ретте, жиынтық кестеде мынадай ақпарат көрсетіледі: тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша мамандығы, лауазымы, тиісті білім деңгейіне жауап беретін техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы бойынша тиісті саладағы жұмыс өтілі (техникалық басшылар үшін – жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және техникалық басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде 3 жыл практикалық жұмыс тәжірибесінің болуы;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшада көрсетілген нысан бойынша электрондық мәліметтер;

3) лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

лицензияларды қайта ресімдеу кезінде бюджетке лицензиялық алымның төленгені туралы (ЭҮТШ арқылы төлемді қоспағанда) құжаттың электрондық көшірмесі;

4) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

бюджетке лицензиялық алымның төленгені туралы (ЭҮТШ арқылы төлемді қоспағанда) құжаттың электрондық көшірмесі.

Лицензия жоғалған, бүлінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинетінен» лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаның электрондық көшірмесін алуға құқығы бар.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық көшірмелер түрінде ұсынылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басын куәландыратын (жеке тұлғалар үшін), дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, лицензия туралы, лицензиялық алым сомасын төлегені (ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайда) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылдануын растау оның көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған уақыты мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі туралы белгі болып табылады;

